ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 5 наурыз № 7527-24-00-2/1507 Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 3 бала бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«SUNS Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:
ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 3 бала бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SUNS Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 990340003089/230125/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «SUNS Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

24-3-1/1452

Scanned with ACE Scanner

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья **К.Т.Өтепов**

көшірмесі дұрыс

Судья **К.Т.Өтепов**

Анықтама шешім 2024 жылы 16 сәуірде заңды күшіне енді.

Судья **К.Т.Өтепов**

24-3-1/1452

Scanned with ACE Scanner